

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 26 қазандағы № 11/113-VII " Катонқарағай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 4 қазандағы № 21/269-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 қазанда № 30045 болып тіркелді

Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Катонқарағай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту туралы" Катонқарағай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 26 қазандағы № 11/113-VII шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 25081 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген қосымшасындағы 5 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 11,091 (он бір бүтін мыңнан тоқсан бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Д. Бралинов